



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті төрағасының
2024 жылғы 03 қазан
№ 109-нж бұйрығымен бекітілген

**«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы,
2024 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) «Ұлттық мемлекеттік ғылыми- техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 831 қаулысына сәйкес құрылды.

2. Қоғамның атауы: мемлекеттік тілде:

толық: «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы;

қысқартылған: ҰМFTCO АҚ;

орыс тілінде:

толық: акционерное общество «Национальный центр государственной научно-технической экспертизы»;

қысқартылған: АО НЦГНТЭ;

ағылшын тілінде:

толық: «National Center for Science and Technology Evaluations» Joint- Stock Company.

қысқартылған: NCSTE JSC.

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

050026, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 221 үй.

4. Қоғамның қызмет ету мерзімі: шектелмейді.

5. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (бұдан әрі – жалғыз акционер) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы болып табылады.

Қоғамды тарату, қайта ұйымдастыру және оның атауын өзгерту туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

7. Қоғамның осы Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы.

2-тарау. Қоғамның құқықтық мәртебесі

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы», «Мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

9. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

10. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс

тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп, жүзеге асыра алады, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға міндетті.

11. Үлгілерін Қоғам Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) бекіткен Қоғамның өз тауар таңбасы өзге де бейнелемесі болуы мүмкін, оларды белгіленген тәртіппен, сондай-ақ мөртаңбалар, фирмалық бланкілер және басқа да деректемелерді Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес тіркейді.

3-тарау. Мақсаты, негізгі міндеттері және қоғам қызметінің мәні

12. Қоғамды құрудың мақсаты ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама жүргізудің бірлігін, тәуелсіздігін, ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

13. Қоғамның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының зерттеулерінің бәсекеге қабілеттілігін күшейту, оларды ұлттық, экологиялық, технологиялық және қоғамдық қауіпсіздік және экономикалық орындылық мүдделерінде пайдалану мақсатында ғылыми, ғылыми-техникалық қызметті сараптамалық қамтамасыз ету;

2) елде Қазақстан Республикасының ғылыми, білім беру, өндіріс, қызмет көрсету және ғылыми-техникалық дамуын басқару мамандарының хабардар болуының жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының ғылыми, ғылыми-техникалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету;

3) ғылыми және білім беру процесін аналитикалық қамтамасыз ету.

14. Қоғамның негізгі қызмет түрлері:

1) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу, оның ішінде «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңның талаптарына сәйкес;

2) Ұлттық ғылыми кеңестердің жұмысын ұйымдастыру;

3) ғылыми зерттеулердің, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың нәтижелерін іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

4) ғылым бағыттары мен экономика салалары бойынша қазақстандық және шетелдік қазақстандық және шетелдік сарапшылар жүргізген ғылыми-сарапшылардың сапалы құрамын қалыптастыру;

5) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық тұрғысынан қамтамасыз ету техникалық сараптама нәтижелерінің дерекқорын қалыптастыру;

6) қазақстандық және шетелдік сарапшылар жүргізген ғылыми-техникалық сараптама нәтижелерінің деректер қорын қалыптастыру;

7) ғылыми-техникалық, сараптамалық және ақпараттық қызмет саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау;

8) ғылыми және ғылыми-техникалық сала сарапшыларын аттестаттау;

9) Ұлттық ақпараттық қорларды және жарияланбайтын құжаттардың (диссертациялардың, жобалардың, бағдарламалар мен есептердің) және қазақстандық және шетелдік авторлардың жарияланымдарының, білім беру ресурстарының дерекқорларын қалыптастыру;

10) казахстандық ғылымды ақпараттық камтамасыз ету саласында автоматтандырылған және электрондық жүйелерді құру;

11) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және ғылыми және(немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есептерді мемлекеттік есепке алу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТҚЖ) бағдарламаларының, PhD қорғалған докторлық диссертациялардың ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің (ҒЗТҚЖ) және басқа да зияткерлік, оның ішінде құпия сипаттағы өнімдердің тізілімдерін жүргізу;

12) ғылыми-техникалық қызметке және ғылыми-техникалық ақпаратқа сараптама жасау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің ұсыныстары мен жобаларын әзірлеу;

13) ұлттық және халықаралық дәйексөз базаларында казахстандық авторлардың ғылыми жарияланымдарының мониторингі және библиометриялық талдауы;

14) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мониторингі. Зияткерлік қызмет нәтижелерінің қорларын талдау;

15) жақын және алыс шетелдердің ақпараттық және инновациялық бейіндегі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық;

16) экономиканың түрлі салаларындағы мамандардың, оның ішінде ұжымдық және жеке абоненттердің отандық және әлемдік ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін камтамасыз ету және осы негізде оларға ақпараттық қызметтер спектрін ұсыну;

17) құпия ғылыми-техникалық зерттемелердің (ҚҒТЗ) және Қазақстан Республикасында орындалатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстар дерекқорын құру;

18) шет елдердегі ғылым мен техниканың даму деңгейін ҚҒТЗ материалдары, сондай-ақ қолжетімділігі шектеулі басқа да материалдар бойынша зерделеу;

19) ҚҒТЗ бар материалдарды талдау, осы материалдарды пайдалана отырып ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу, алынған нәтижелерді өндіріске енгізу;

20) қос мақсаттағы арнайы ғылыми-техникалық әзірлемелерді зияткерлік өңдеу, оларды пайдалану бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;

21) экономиканың жекелеген бағыттары бойынша ҚҒТЗ және зерттеулер жүргізу;

22) ұйымдардың өтінімдері негізінде елдің ғылыми-технологиялық дамуының мемлекеттік басымдықтарына сәйкес ҚҒТЗ-мен материалдар сатып алуға тапсырмалар пакетін қалыптастыру;

23) қызметтік пайдалану үшін арнайы ақпаратты пайдаланатын ұйымдардың арнаулы техникалық қызметтерімен бірлесіп, өндірісте жаңа технологияларды пайдалану жөнінде ұсыныстар дайындауға (шарттар жасасуға) қатысу;

24) қорғау шараларын сақтай отырып, ҚҒТЗ материалдарын, сақтауды, шығаруды, таратуды және министрліктерге, ведомстволарға және ұйымдарға жіберуді жүзеге асыру;

25) баспа қызметін жүзеге асыру.

15. Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет лицензияның немесе өзге де

рұқсаттың болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4-тарау. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

16. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарға ие және міндеттерді атқарады.

17. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен окшауланған мүлікке ие. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

18. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

19. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ Мемлекет қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

20. Қоғам өз атынан шарттар мен өзге де мәмілелер жасаса алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

21. Қоғам зияткерлік меншік құқығы объектілерін және басқа да ақпаратты иеленуге және пайдалануға құқықтарды иеленуге және беруге құқылы.

22. Қоғам өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатыса алады, Қазақстан Республикасында өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатын бере алады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызмет тәртібінаықандай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және тұтастай алғанда Қоғамның балансында ескеріледі.

Филиалдар мен өкілдіктердің қызметіне басшылықты басқармамақұлдауымен Қоғамның Басқарма төрағасы (бұдан әрі – Басқарма Төрағасы) тағайындайтын адамдар жүзеге асырады. Филиалдармен өкілдіктердің басшылары қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

23. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамуға, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты мәселелерді дербес шешеді.

24. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық валютада да, шетел валютасында да шоттар ашуға құқылы.

25. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтары және басқа да міндеттері болуы мүмкін.

5-тарау. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

26. Қоғам акциялар, облигациялар, айырбасталатын және басқа да бағалы қағаздар, оның ішінде туынды құралдар шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

Қоғамдардың бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында айкындалады.

27. Қоғамның акциялары мемлекеттің айрықша меншігі болыптабылады және неліктен шығаруға жатпайды.

Қоғам тек жай акциялар шығарады. Жай акция жалғыз акционерге Заңға сәйкес оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді.

Жай акция сондай-ақ Жалғыз акционерге қоғамда таза табыс болған кезде дивидендтер алуға және оны тарату кезінде қоғамның мүлкін алуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық береді.

28. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

29. Жарияланған акциялар саны шегінде қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының санын, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасын орналастыру (өткізу) туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қоғам өз акцияларын бір немесе бірнеше орналастыру арқылы шығаруды мемлекеттік тіркегеннен кейін орналастырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге ақша, мүлдітік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

30. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді тек Орталық депозитарий жүзеге асыра алады.

31. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында айкындалады.

6-тарау. Дивидендтер

32. Акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша акционерлік қоғам төлейтін табысы дивиденд болып табылады.

33. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде қабылдайды.

34. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу

нәтижесінде пайда болса;

3) Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

35. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өз өкілеттіктері шегінде жыл қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7-тарау. Қоғам Органдары

36. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары органы – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Қоғамның директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, Корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды және қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында кеңесберуді жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

8-тарау. Жалғыз акционер

37. Жалғыз акционердің қарауына оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығаруды Жалғыз акционер және (немесе) директорлар Кеңесі бастамашылық етеді, ал ерікті тарату процесінде Қоғамның тарату комиссиясы да бастамашылық жасай алады.

38. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдар ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білім туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

39. Директорлар Кеңесін сайлау (директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе Жалғыз акционердің қарауына шығарылған жағдайда, материалдарда директорлар Кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидаттың Жалғыз акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығы көрсетілуге тиіс.

40. Басқарма Жалғыз акционердің шешімдерінің көшірмелерін сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

41. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамның директорлар Кеңесі туралы Ережені, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақы төлеу, шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) атқарушы орган басшысын – Қоғамның Басқарма Төрағасын сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

10) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

11) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе қатысушылардың (акционерлердің) құрамынан активтердің барлық тиесілі қоғамдарының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен шығу туралы шешім қабылдау;

14) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, егер мұндай тәртіп осы Жарғыда айқындалмаса;

15) нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күні құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау сатып алынған немесе иеліктен шығарылған қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы немесе Қоғамның жасауға мүдделілігі бар ірі мәміле жасасуы;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және қоғамның осы Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.

42. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтары берілген тиісті саланың уәкілетті органы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша шешімдер қабылдайды.

43. Егер заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалғыз акционердің айрықша құзыретіне

жатқызылған мәселелерді қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

10-тарау. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

44. Жалғыз акционердің:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғы-сында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға катысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Жалғыз акционер немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның орталық депозитарийінен немесе оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын номиналды ұстаушыдан үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындауға; Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

6) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүтінуге және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүлікке;

9) Заңда көзделген жағдайларда Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірген залалдарын Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табысын) Қоғамға қайтаруы және (немесе) жасауға мүдделілігі бар мәмілелер туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүтінуге;

10) қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға құқығы бар.

45. Жалғыз акционер қоғамның қызметі бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

46. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

47. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттерді орындайды.

10-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесі

48. Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционер сайлайтын төрағамен мүшелерден тұрады.

Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, басқарма төрағасының, тәуелсіз директорлардың өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз

директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың (Жалғыз акционердің өкілін қоспағанда) өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционермен қоғамның мүддесі үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік және/ немесе салалық ортадағы оң жетістіктері болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

49. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасынан басқа Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

50. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шексіз бірнеше рет қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жалғыз акционер жаңа директорлар кеңесін сайлайтын шешім қабылдаған кезде аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционер өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламасында Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күні көрсетілсе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

51. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) алдағы отырыстың күн тәртібін бекітеді;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 4) отырыстарды жүргізеді және хаттамаға қол қояды;

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады, бұл ретте Директорлар кеңесі Төрағасының функцияларын Басқарма Төрағасы жүзеге асыра алмайды.

52. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Комитеттер келесі мәселелерді қарастырады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және белгілі бір комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің комитетін Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғамның Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі Комитет тек Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінен тұруы тиіс.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

53. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша немесе талап бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметтері;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 4) Жалғыз акционер.

54. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Қоғамның корпоративтік хатшысы қалыптастырады. Барлық қажетті материалдарды қоса бере отырып, отырысты өткізу туралы хабарламаны Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын жібереді.

Ірі мәмілені және (немесе) жасауға мүдделілігі бар мәмілені жасасу жөніндегі шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда)

камтуы тиіс.

55. Директорлар кеңесінің мүшесі басқармаға оның директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

56. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санының кемінде жартысын құрайды және қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерін ескере отырып, техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция сессиясы, телефон конференциясы және т.б. режимінде) пайдалана отырып не олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған кезде айқындалуы мүмкін.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

57. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер заңда және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін адамның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған соттәртібімен дау айтуға құқылы.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

58. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешімді Директорлар Кеңесінің Төрағасы қабылдайды. Бұл ретте, егер Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде біреуі отырысты сырттай өткізуге қарсы болса, отырыс күндізгі нысанда өткізілуге тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу туралы жазбаша хабарламаларға, сондай-ақ, егер Директорлар кеңесінің төрағасы өзге жергімізді айқындамаса, бірыңғай нысан бойынша Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне дауыстарды санау күніне дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей ұсынылатын сырттай дауыс беруге арналған бюллетень қоса беріледі. Құжаттарды алдын ала зерделеуді талап етпейтін мәселелер бойынша хабарламасы бар бюллетень Директорлар кеңесінің мүшелеріне дауыстарды санау күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуі мүмкін.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты шақыруға бастамашылық жасаған адамды(органды) көрсету;

- 3) қол қойылған бюллетеньді корпоративтік хатшыға ұсыну күні;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұскалары;

6) өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберген кезде корпоративтік хатшы немесе корпоративтік хатшының орынбасары олардың дұрыс және біркелкі жасалғанын өз қолымен куәландырады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрдерәсімделуі және директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшы қол қоюы, сондай-ақ мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша рәсімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруға бастамашылық жасаған адамды (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы немесе болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы және қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер.

Шешім қабылданған күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

59. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын корпоративтік хатшы жүргізеді және рәсімдейді.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы ол өткізілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жасалады.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізілетін күн, уақыт және орын;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің төрағасы және корпоративтік хатшы қол қояды. Хаттамаға Директорлар кеңесі мүшелерінің келісу парақтары мен олар болған жағдайда, отырыста болмаған жазбаша пікірлері тігіледі.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамның Басқарма шешімі бойынша басқарманың орналасқан жері

бойынша мерзімсіз немесе өзге жерде сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттамадан үзінді көшірмелер мен Корпоративтік хатшы орынбасарының қолымен немесе өзінің қолымен куәландырылған шешімдерді беруге міндетті.

60. Директорлар кеңесінің белгіленген тәртіппен бекітілген мәселелер бойынша шешімдері, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі дауыс берудің екі нысанын (аралас дауыс беру) біріктіру жолымен де дауыс берудің күндізгі және сырттай нысандарымен қатар қабылдануы мүмкін.

Дауыс берудің мұндай нысаны Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі қатысуға мүмкіндігі болмаған және өз пікірін жазбаша нысанда ұсынған жағдайда қолданылады.

61. Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, ғылым саласындағы маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер жөніндегі уәкілетті органның тапсырмаларын орындау шеңберінде директорлар кеңесі директорлар кеңесінің кезекті немесе кезектен тыс отырысы шеңберінде сырттай дауыс беру нысанында қарауы және шешімдер (ірі мәмілелер, мүдделілікпен жасалатын мәмілелер және т.б.) қабылдауы мүмкін.

62. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
 - 2) қоғамның даму жоспарын және даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту;
 - 3) Қоғамның даму жоспарын іске асыруды бағалауды жүзеге асыру;
 - 4) Қоғамның даму жоспары шеңберінде қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін анықтау;
 - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Қоғамның жылдық есебін бекіту;
 - 7) жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде олардың орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 8) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауы;
 - 9) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;
 - 10) Қоғам оларды сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесін және әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
 - 11) атқарушы органның басшысы – Басқарма Төрағасын қоспағанда, Қоғам Басқармасының сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
- Басқарма мүшелерін сайлау Жалғыз акционермен міндетті түрде келісіле отырып жүзеге асырылады;
- 12) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

13) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

14) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындау;

15) қаржылық есептіліктің аудиті бойынша аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

16) саясатты, сондай-ақ Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдаған құжаттарды қоспағанда), оның ішінде Қоғамның ішкі қызметін Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін реттейтін ішкі құжатты қалыптастыру және аукциондарды өткізу және бекіту. Директорлар кеңесі бекітуге жататын саясаттар мен құжаттардың тізбесін ол дербес айқындайды;

17) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

18) акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметке қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау;

19) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан да көп пайызына тең сомаға ұлғайту;

20) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

21) Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамын құру және айқындау, олар туралы Ережелерді бекіту, Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

22) Жалғыз акционер шешім қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

23) Заңға және Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің, Басқарманың немесе Басқарма төрағасының айрықша құзыретіне жататын шешімдерді қоспағанда, Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарда көзделген шешімдерді қабылдау;

24) Қоғамның штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;

25) Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

63. Тізбесі осы Жарғының 62-тармағында белгіленген мәселелер Қоғам Басқармасына шешім қабылдауға берілмейді.

11-тарау. Қоғам Басқармасы

64. Ағымдағы қызметке басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Қоғамның Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.

65. Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

66. Алқаның құзыретіне мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Қоғамның стратегиясы мен даму жоспарын іске асыру;
2) Директорлар кеңесі бекітетін штаттық кесте шеңберіндештаттық кестені бекіту;

3) Қоғам қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру қағидаларын, сондай-ақ лауазымдық жалақысының схемасын бекіту (еңбекақы төлеу және басқа да сыйақы мәселелері Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін қызметкерлерді қоспағанда);

4) Басқармаға ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қоғамның, серіктестіктердің және басқа тұлғалардың қызметкерлерінен тұратын Басқарма жанынан комитеттер құру туралы шешімдер қабылдау;

5) осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, саясатты, сондай-ақ Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

6) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталының онпайызына дейін ұлғайту;

7) Қоғамды дамыту жоспарын, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді әзірлеу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғам атынан мәміле жасау;

9) Қоғамның қызметі туралы есептерді дайындау;

10) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдау, оның ішінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекіту;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауар белгісін және корпоративтік сәйкестендірудің өзге де құралдарын тіркеу;

12) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету;

13) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау;

14) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға Қоғамның басқа басқару органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.

67. Басқарма жұмысының тәртібі, оның ішінде отырыстарды шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Басқарма туралы ережемен белгіленеді.

68. Басқарма Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларын орындау кезінде Қоғам қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты сұрау салынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

69. Қоғам Басқарма Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығын, егер ол мәміле жасасу кезінде тараптардың мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, даулауға құқылы.

70. Басқарма Басқарма Төрағасынан және оның мүшелерінен тұрады.

Басқарма төрағасының атқарушы органның немесе атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның не өзге заңды тұлғаның басшысы лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Қоғам атынан Басқарма төрағасымен еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

71. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұрады.

72. Басқарманың отырысы, әдетте, айына кемінде 1 (бір) рет өткізіледі.

73. Басқарма өз қызметін мынадай тәсілдермен шешімдер қабылдау арқылы жүзеге асырады:

1) Басқарма мүшелерінің отырыста (көзбе-көз кездесуде) дауыс беруі;

2) Басқарма мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы (сауалнама бойынша).

Сырттай дауыс беру шұғыл шешім қабылдауды талап ететін және/немесе талқылауды қажет етпейтін мәселелер бойынша өткізіледі, бұл ретте сырттай дауыстардың санын азайту керек.

Басқарма отырыстарын өткізу үшін кворум сайланған Басқарма мүшелері санының кемінде 50 %-ын құрайды.

Кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

Басқарманың шешімдері оның отырысына қатысқан немесе сырттай дауыс беруге қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда басқарма төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері мен Басқарма хатшысы қол қоюға тиіс. Хаттамада дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесін көрсететін дауыс беру нәтижелері қамтылуға тиіс.

Хаттаманы Басқарма тағайындайтын Басқарма хатшысы жүргізеді.

74. Басқарма төрағасы:

1) Басқарманы басқарады;

2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарма шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

3) Қоғамның жұмысы үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің алдында жауап береді;

4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

5) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

6) Заңда және Жарғыда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерін қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады (Заңда

белгіленген жағдайларды қоспағанда), заңнамада және Жарғыда белгіленген жағдайларды қоспағанда, оларға көтермелеу шараларын қолданады, тәртіптік жазалар қолданады, қызметкерлердің лауазымдық жалақысының мөлшерін және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлері және лауазымдық жалақыларына жеке сыйлықақылар белгілейді; Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тәртіппен Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылардың мөлшерін айқындайды;

7) Директорлар кеңесінің шешіміне және (немесе) Директорлар кеңесі бекіткен Тәртіпке сәйкес Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне және корпоративтік хатшыға сыйақы төлейді;

8) заңнамада және осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам атынан Қоғам қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасайды және бұзады;

9) Қоғам атынан Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес Басқарма мүшелерімен, ал Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес корпоративтік хатшымен және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен Қоғам атынан еңбек шарттарын жасайды және бұзады. Сонымен бірге бұл шешімдер еңбек шартының нысандарын да бекітеді, олардың негізінде көрсетілген лауазымды адамдармен еңбек қатынастары рәсімделеді;

10) өз құзыреті шегінде бұйрықтарды, сондай-ақ заңнамаға, осы Жарғыға сәйкес жұмыс берушінің өзге де актілерін, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың шешімдерін шығарады;

11) Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жататын құжаттарды қоспағанда, Басқарма айқындайтын тәртіппен ішкі құжаттарды бекітеді;

12) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ереженің жобаларын әзірлейді;

13) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

14) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

15) Басқармамен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Қоғамның жоспарларын және Қоғамның жылдық бюджетін әзірлеуді қамтамасыз етеді;

16) Қоғамның даму жоспарын Директорлар кеңесіне жыл сайын ұсынуды қамтамасыз етеді;

17) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесіне есеп береді;

19) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

20) Қоғамның осы Жарғысында және Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

